

БЕКІТЕМІН:
«Алақай» МДҰ меңгерушісі
Р.Т. Арыкбаева
« 31 » 08 20 22 ЖЫЛ



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІҢ ҚҰЖАТТАРЫ

2.2 Педагогикалық кеңес

Мақсаты: Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін арттыру.

№	Уақыты	Мазмұны	Жауаптылар
1	Тамыз	Тақырыбы: «Тиімді жоспарлау- нәтиже бастауы» 1.Жаңа 2022-2023 оқу жылына арналған бөбекжай-бақшаның жылдық жұмыс жоспарын бекітіп таныстыру, жаңа оқу жылындағы міндеттер. Педагогикалық кеңестің жаңа құрамын сайлау. 2.Жазғы сауықтыру жұмыстарын қорытындылау. Ата-аналармен жұмыс жоспарын бекіту. 3.ҚР мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру, талдау.	Менгеруші Психолог Тәрбиешілер
2	Қараша	Тақырыбы: «Ел ертеңі – бүгінгі болашақ ұрпақ» 1. Педагогикалық аттестациялау бойынша құжаттарды дайындау. 2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» 3. Өткізілген мерекелік шаралардың қорытындысы.	Менгеруші Психолог Тәрбиешілер
3	Қаңтар	Тақырыбы: Балабақша-барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы: Баяндама «Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы» 1-жарты жылдық бойынша мониторинг қорытындысы МДҰ тәрбие жұмыстарының жүргізілу барысы	Г.Күмісбаева Тәрбиешілер, психолог,
4	Мамыр	Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылындағы балабақшаның қорытынды жұмысы: 1.Тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есебін тыңдау, талдау. 2. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау. 3.Ертегілер әлемі тренинг 4.Педагог-психологтардың жылдық есебі, балалардың психологиялық тұрғыдан мектепке дайындығы 5.Балалардың ауруы мен сауықтыру сараптамасы Ағымдағы мәселелер	Топ тәрбиешілері Психолог Г.Күмісбаева Медбике М.Суханова

Хаттама №1

«Алақай» бөбекжай-бақшасында педагогикалық кеңестің отырысы болды.

31 тамыз 2022 жыл

Қатысқан педагог саны: 6

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына дайындық»

Мақсаты: 2022-2023 оқу жылына топтардың дайындығы, педагогтардың дайындығы. Биылғы жылы алға қойған мақсат, міндеттерді айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту, талдау. Тамыз кеңесінде айтылған ой-пікірлерді стандартқа енгізілген өзгерістерді саралау.

1. Топтардың 2022-2023 оқу жылына дайындығы туралы. Педагогикалық кадрларды орналастыру.
2. 2022-2023 жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен және мақсат-міндеттерімен таныстыру.
3. 2022-2023 жаңа оқу жылының күн тәртібін, оқу қызметі кестесін бекіту туралы.
4. Барлық топтардың 2022-2023 оқу жылына арналған перспективалық жоспарларды бекіту.

Тыңдалды:

1. Бөбекжай меңгерушісі Р.Арықбаева 2022-2023 жылғы білім беру үрдісінің түрлі бағыттары бойынша бөбекжай жұмысының нәтижелерімен таныстырып өз хабарламасын жасады. Биылғы оқу жылында білім беру саласындағы өзгерістер, жаңашылдық, ізденпаздық және өткен оқу жылындағы жақсы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерге тоқталды. Жаңа оқу жылында педагогтардан жақсы жұмыстар күтетініне сенім білдірді.

Бөбекжай жұмысының жылдық жоспарымен таныстырылды. Мақсат, міндеттерін атап өтті. Ата-аналар жиналысының өткізу кестесі бекітілді. Өзгерістерге байланысты тәрбиешілерге негізгі міндеттері, балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты перспективалық жұмыс жоспарлары бөлініп, бекітілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мен оқу жоспарына өзгерістер енгізілді. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, жұмыс бағыттарын жас ерекшеліктері ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінетінін атап айтты. ҚР Білім туралы Заңының орындалуы және педагогикалық кадрлармен жүргізілетін жұмыстар, оқу-тәрбие жұмысымен басшылық, оқу-тәрбие жұмысына бақылауды ұйымдастыру, тәрбие жұмыстарының жоспары, мектеппен байланыс, жас маманмен байланыс жұмыстары қамтылған.

Шығып сөйлеушілер:

1. **Жайманова Гүлзира-тәрбиеші:** Құрметті әріптестер, сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын. «Жұлдыз» тобында 25 бала тәрбиеленуде. Күн тәртібіне бейімделген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мен жоспарындағы өзгерістермен танысып, әрі қарай жұмыстанамыз.
2. **Омарова Манат – тәрбиеші:** Жаңа оқу жылына сәттілік тілеймін. Биылғы оқу жылындағы перспективалық жоспарлар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламасын негізге ала отырып құрылды. Жоспарды дайындау кезінде теориялық, практикалық іс-әрекеттерді толық қамтыдық. Осы бағдарламалардың келісімін беру үшін аудандық білім бөліміне ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2022-2023 оқу жылындағы бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспары, күн тәртібі, «Жұлдыз» тобының перспективалық жоспарлары бекітілсін.
2. Бөбекжайдың оқу жұмыс жоспары аудандық білім бөліміне келісім алу үшін ұсынылсын.
3. Тәрбиешілерге бақылау жасау және әдістемелік көмек беру тәрбиеші Г.Жаймановаға жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшысы:

Р.Арықбаева.

Г.Күмісбаева.



Хаттама №2

«Алақай» бөбекжай-бақшасында педагогикалық кеңесінің отырысы болды.

Қатысқандар: 5

10.11.2022ж

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық аттестациялау бойынша құжаттар дайындау. (менгеруші)
2. Кеңес: «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» (психолог)
3. Өткізілген мерекелік шаралардың қорытындысы. Тәрбиеші: Жайманова Г.
4. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1.Бөбекжай менгерушісі Арықбаева Райса сөз кезегін алып, педагогикалық аттестациялау бойынша құжаттар жөнінде талқылады. Биылғы тест тапсыруға өтініш білдірген 3 педкадрымыз бар. Өткен жылғы тестке карағанда, биылғы тесттерде өзгешеліктер бар екен бәрімізге белгілі. Алдымен тестке бармас бұрын электронды түрде жасалатын мұғалімдердің е портфолиосы жасақталуы тиіс.

Шығып сөйлеушілер:

2.Күмісбаева Г.психолог «Құрметті әріптестер бүгінгі күндеріңізге сәттілік тілеймін» Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан- жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз.

Балалардың денсаулығын нығайтуда спортқа әуестендіріп, күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтырып, салауаттылыққа тәрбиелеуіміз қажет. Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу – әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті.

3.Тәрбиеші: Жайманова Г. «Құрметті ұжымдастар, тобымызда көптеген мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Соларды қорыта кетсем «Білім күніне байланысты, Ұстаздар күніне , спорттық, «Қарттар күніне» байланысты,челленджер, Республика күніне арналған тәрбие сағаты,«Алтын күз» ертеңгіліктері өткізілді. Балалар қызыға қатысты. «Күз кереметтері» атты көрмеге ата-аналар жақсы атсалысты.Болашақта да балалар келе жатқан Жаңа жыл мерекесіне дайындықты бастаймыз.

4. Ағымдағы мәселелер бойынша бөбекжай менгерушісі Арықбаева Райса сөз алып,алдағы қаңтар айында өтетін аудандық семинарға көп дайындық керек екенін атап өтті.Оған қатысты барлық іс-шаралар әр тәрбиеші өз топтарына ойын түрінде сабақ өткізеді. Сондықтан балаларды алдын-ала дайындап берілген тапсырмаларды пысықтауымыз қажет. Және де ішкі орта, ойын бөлмесі, ұлттық бөлме қонақтар келгенде талапқа сай болуы керек. Бұның бәрін ұйымшылдықпен, ауызбіршілікпен өткіземіз деп ойлаймын.

Қаулы етеді:

1. Педагогикалық аттестациялау бойынша құжаттар дайындалсын.
2. Кеңес: «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» хабарламасы есепке алынсын.
3. Өткізілген мерекелік шаралардың қорытындысы есепке алынсын.
4. Ағымдағы мәселелер.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшысы:



Р. Арықбаева
Т. Күмісбаева

Хаттамасы №3

«Алақай» бөбекжай-бақшасында педагогикалық кеңесінің отырысы болды.

Қатысқандар: 6
Қатыспағандар: 0

17.01.2023 ж

Күн тәртібінде:

1. «Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы» Баяндама Психолог: Күмісбаева Г.Ж.
2. I жартыжылдық мониторинг бойынша қорытындысы. Тәрбиешілер
3. МДҰ тәрбие жұмыстарының жүргізілу барысы. Байұзаққызы А.
4. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Бөбекжай меңгерушісі Р. Арықбаева : «Құрметті әріптестер бүгінгі кезекті отырысымызды ашық деп жариялаймын. Алда тұрған басты мақсатымыз аттестациядан өту. Сондықтан барлықтарыңызды ауызбіршілікпен ұйымшылдыққа шақырамын.»

Шығып сөйлеушілер:

1.Психолог Күмісбаева Г: «Қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған. Сондықтан ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастығы, баланы оқыту мен тәрбиелеудегі- баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да мақсат мүддесі біреу. Ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. «Ұяда не көрсен ұшқанда соны іледі немесе Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер өнері балаға үлгі болатын. F Мұстафин» ата –ана қадірін білген бала халық қадірін біледі, халық қадірін білген бала ата-ананың қадірін де біледі. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие ісін ары қарай жетілдіру отбасымен балабақшаның бірлескен жұмысын дамыта және нығайта түсу арқылы жүзеге асады. Олай болса, бүгінде ата-анамен балабақша бірлесе отырып, балаларды оқу мен тәрбиеге баулуда жана заманның тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару үшін отбасымен балабақша бірлесе отырып ат салысамыз.»

2.Тәрбиеші Омарова М. «Алақай» бөбекжай-бақшасында 25 бала тәрбиеленуде. оның ішінде «Жұлдыз» ерте жас тобында 4 бала, кіші топ 6 бала, ортаңғы топта 11 бала, Ересек топта-4 бала. Мониторингтің қорытындысы бойынша Ерте жас тобында I деңгейдегі бала 3 еу, II –ші деңгейде 1 бала, Кіші топта I деңгейде-3 бала, II деңгейде-3 бала. Ортаңғы топта I деңгейдегі бала саны-4, II ші деңгейде -7 бала, Ересек топта- I –ші деңгейде-0, II-ші деңгейде 4 бала. Барлығын қорытындылай келе төмен деңгейдегі балалардың үлесі 40% Орташа деңгейдегі балалар үлесі 60% болып шықты.

3.Тәрбиеші Байұзаққызы А. «Жыл басынан бері қарай қыркүйектен бастап балалармен тәрбие жұмыстары жүргізілуде. «Білім күнімен» бастап, достық тренингі, «Ұстаздар күні, Қарттарым асыл казынам» « Алтын күз» шарасы балалардың ой-өрісін кеңейтіп, Тәуелсіздік апталығы құрылды. Тәрбиешілер әрқайсысы көрме, сурет байқауы ретінде өткізді.

«Жаркыра, жайна-Жаңа жыл» тақырыбында шаралар өткізілді. Төтенше қауіпсіздік сақтау мақсатында «Балалардың қауіпсіздігі-үлкендердің міндеті» атты ұжым қызметкерлерімен семинар өткізілді. «Денсаулық зор байлық» атты медбике балаларға тұмаудың алдын-алу мақсатында тәрбие сағаты өткізді. Тәрбиешілер арасында спорттық шара өткізілді. «Жолда сақ бол» «Көшедегі қауіпсіздік», «Көңілді көліктер» атты қауіпсіздік шаралары өткізілді. Болашақта да басқа тақырыптар жөнінде өткізіледі деп ойлаймын. Ертегі әлеміне, саханалық қойылымдарға сапар шегеміз.

4. Ағымдағы мәселелер жөнінде менгеруші сөз алып, аттестацияға дайындықты тағы бір пысықтады. Аттестацияға дайындықты сайт арқылы салу керектігін, ескертті, портфолионы дайындауымыз керек екенін ескертті.

Қаулы етеді:

1. Психолог Г. Күмісбаева «Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы» атты баяндамасы есепке алынсын.
2. І жартыжылдық мониторинг бойынша қорытындысы есепке алынсын.
3. МДҰ тәрбие жұмыстарының жүргізілу барысында хабарлама. А. Байұзаққызының хабарламасы есепке алынсын.
4. Ағымдағы мәселелер.

Менгеруші кеңес төрағасы
Хатшысы



Р. Арықбаева
Г. Күмісбаева

